

«Бекітемін»
«Армантай» бақпасының
меңгерушісі
Л.Р.Усебова

Табиғат бұрышын мекендеушілер

Табиғаттың сұлу мүсіні-



Тәрбиеші: Ермедетова А.

Шымкент 2022ж

Білім беру саласы «Таным»

Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті: «Жаратылыстану»

Тақырыбы: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер

Мақсаты: 1. Балаларға табиғат бұрышындағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар туралы айту.

2. Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, сөздік қорын көбейту, ауызекі сөйлеулерін дамыту.

Туған жердің табиғатын сүюге, адамгершілікке, отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: табиғат, аквариум.

Әрекеткезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балаларды шаттық шеңберге шақыру; Қол ұстасып кәне біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге! Табиғатымтамаша, Көзтоймайдықараса. Табиғаттыаялап. Жүрейікшіжараса	Балалар шеңберге тұрып, тақпақтар айту арқылы бір-біріне көтеріңкі көңіл сыйлайды. Тақпақты барлығы бірге қуанышты түрде айтып береді.
Іздену- Ұйымдастырушы	- Қазір жылдың қай мезгілі? - Табиғатта қандай өзгерістер болады?	Балалар назарын слайдка аударып, тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. -Қазір жылдың күз мезгілі.

		-Күн суық болады. - Ағаштардың жапырақтары түседі, айнала сары түске енеді.
	-Табиғат дегеніміз не ? -Табиғат нешеге бөлінеді ? - Өлі табиғатқа не жатады? -Тірі табиғатқа не жатады? Жұмбақтар әлемі. 1.Қалқиып ұзын құлағы Елендеп қорқып тұрады. - Қоян біздің топта бар ма? -Қоян немен қоректенеді? - Ол қайда тұрады ? Ол біздің табиғат бұрышымызды мекендейді. 2.Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды . -Балық қайда тіршілік етеді? -Балық біздің топта бар ма? Балалар,балықтардыңдене бітімі қандай пішінге ұқсас екен? - Балықтардың мынау несі? - Дұрыс айтасындар. Негізінде басында желбезегі болады. - Олар осы желбезегі арқылы дем алады. -Ал денесінде нелері бар екен? - Дұрыс айтасындар. -Ал денесіне жалғасқан мынау не екен?	Табиғат- дегеніміз ауа, жануарлар,өсімдіктер,су құстар. Табиғат екіге бөлінеді. Өлі табиғат, тірі табиғат болып. Тірі табиғат жануарлар, адам, өсімдіктер жатады.Өлі табиғат күн, су ауа жатады. Қоян. Ия бар. Ол торда тұрады. Қоян сәбізбен қоректенеді. Ол торда тұрады. Балық . Балық судың астында тіршілік етеді. Ия бар. - Сопақша. - Басы - Қабыршақтары. - Құйрығы.

[illegible]

● **Рефлексия**
орындаған
тапсырмалар
негізінде
қорытынды
шығарып,
кемшіліктерді жою .

Жұмбақ жасыру

Ғажайып сәт

Сергіту сәті

Ұмытпаймын, күнде,
Су құямын гүлге.
Жайнайды гүлім,
Құлпыртып түрін.

Жапсыру(Тасбака)

Рефлексиялық түзетушілік:-

Балалар, бізге қандай оқу іс - әрекеті болды?

- Онда біз нелермен таныстық?
 - Қандай балықтарды көрдіңдер?
 - Жарайсындар, балалар!
 - Бүгінгі оқу іс - әрекетіне барлықтарың да жақсы қатыстындар.
- Сендерге көп - көп рахмет!

Балалар тәрбиешімен бірге қолдарын қимылдатып жаттығулар жасайды.

- Балалар, аквариумдағы балықтар,тордағы қоян, тасбақа .
Димаш, Еркеназ, Гаухар, Нұрсұлтан.
Олар табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасап жүр.

Күтілетін нәтижесі:

● **Білуі керек:** Тірі табиғаттың әсемдігін сезініп, оған қамқор бола білуі.

Меңгеруі керек: Көру, есту, түсіну арқылы жаңа білімді меңгеруі.

Жасай алуы керек: Тәрбиешінің тапсырмасын жауапкершілікпен орындап, өздігімен ұқыпты іс әрекет жасай алуы.



